

2 Hudjakov A.I. *Finansovoe pravo Respubliki Kazahstan. /Obshhaja chast'. Almaty: TOO «Baspa», 2001. – 272 s.*

3 Zapol'skij S.V. *Samofinansirovanie predpriyatij (pravovye voprosy) / S.V. Zapol'skij. – M.: Juridicheskaja literatura, 1988. – 159 s.*

4 Suhanov E. *Zaem i kredit. Finansirovanie pod ustupku denezhnogo trebovanija. Bankovskij vklad. Bankovskij schet. // Hozjajstvo i pravo. - 1996. - №7. - S. 9-15.*

5 Zalevskij V. G. *Problema sootnoshenija terminov «gosudarstvennyj kredit» i «gosudarstvennyj zaem» v teorii i zakonodatel'stve // Zakonodatel'stvo. - 2002. - №1. S.77-81.*

6 Askarova G.M. *A 90 Finansovoe pravo Respubliki Kazahstan (osobennaja chast'): Uchebno-metodicheskoe posobie. – Kostanaj: KRU imeni A. Bajtursynova, 2022. – 107 s.*

7 Bjudzhetnyj kodeks Respubliki Kazahstan ot 04.12.2008 N 95-4. - [Jelektron. resurs]. –URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K080000095>

8 Jeriashvili N. D. *Bankovskoe pravo. // Uchebnik dlja vuzov./ M.: Zakon i pravo, JuNITI-DANA, 1999. – 152 s.*

9 *Grazhdanskij kodeks Rossijskoj Federacii (Osobennaja chast') ot 21 dekabrja 1995g. (s izmenenijami i dopolnenijami), st. st. 819-821. - [Jelektron. resurs]. – URL: https://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_9027/*

10 *Postanovlenie plenuma Verhovnogo suda RF i Vysshego arbitrazhnogo suda PF ot 1 ijulja 1996 g. №618 «O nekotoryh voprosah, svjazannyh s primeneniem chasti pervoj Grazhdanskogo Kodeksa Rossijskoj Federacii» // Vestnik Vysshego arbitrazhnogo suda RF, 1996. №9, p.5.2 - [Jelektron. resurs]. –URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31514601*

11 *Den'gi, kredit, banki: uchebnik / kollektiv avtorov; pod red. O.I. Lavrushina. — 12 e izd., ster. — M.: KNORUS, 2014. — 448 s.*

ГТАХР: 10.23.21
ӘОЖ 346.2

10.51889/2959-6181.2025.79.1.009

С.С. Тинистанова^{1*} 

¹И. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті
(*Tin_019@mail.ru)

БӘСЕКЕЛЕСТІК ҚҰҚЫҚТАҒЫ ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУШІ СУБЪЕКТІЛЕРДІҢ ҮСТЕМ ЖАҒДАЙЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада бәсекелестік құқықтағы шаруашылық жүргізуші субъектілердің нарықтағы үстем жағдайы туралы қарастырылған, сонымен қатар үстем жағдайдың түрлері, белгілері, үстем жағдайға ие болу шарттары, шаруашылық жүргізуші субъектілердің міндеттері, үстем жағдайға ие шаруашылық жүргізуші субъектілердің құқықтары (өкілеттіктері) туралы талданған. Өйткені, бұл мәселе жаһандану кезеңінде құқықтық жағынан да, экономикалық жағынан да өзекті мәселеге айналды. Тақырып аясында үстем жағдайға ие болу мен оның тәртібі, еліміздегі үстем жағдайға ие болған шаруашылық субъектілері туралы статистикалық деректер қарастырылып, құқықтық жағдайына шолу жасалған.

Мақалада салыстырмалы талдау әдістері, әр-түрлі құқықтық жүйелердің ерекшеліктерін анықтау және сипаттау үшін жүйелік тәсілдер қарастырылды.

Зерттеу нарықта үстем жағдайды ұстап тұру арқылы бәсекелестікті дамыту, ал оның мемлекеттің экономикалық жағдайын ұстап тұруы үшін аса маңызды екенін көрсетеді.

Түйін сөздер: шаруашылық жүргізуші субъект, монополия, үстем жағдай, монополистік қызмет, бақылау.

С.С. Тинистановна¹

*¹Жетысуский университет имени И.Жансугурова
(Tin_019@mail.ru)*

ДОМИНИРУЮЩЕЕ ПОЛОЖЕНИЕ ХОЗЯЙСТВУЮЩЕГО СУБЪЕКТА В КОНКУРЕНТНОМ ПРАВЕ

Аннотация

В данной статье рассматривается доминирующее положение на рынке хозяйствующих субъектов в конкурентном праве, а также проанализированы виды, признаки доминирующего положения, условия доминирующего положения, обязанности хозяйствующих субъектов, права (полномочия) хозяйствующих субъектов, занимающих доминирующее положение. В данное время эта тема стала актуальной как в правовом, так и в экономическом плане. В рамках темы рассмотрены статистические данные о доминирующем положении и порядке его ведения хозяйствующих субъектах, проведен обзор их правового положения.

В статье применены методы сравнительного анализа, системные подходы для определения и описания особенностей различных правовых систем.

Исследование показывает, что развитие конкуренции путем поддержания доминирующего положения на рынке является крайне важным для поддержания экономического положения государства.

Ключевые слова: хозяйствующий субъект, монополия, доминирующее положение, монополистическая деятельность, контроль.

S.S. Tinistanova¹

*¹Zhetysu University named after I.Zhansugurov
(Tin_019@mail.ru)*

THE DOMINANT POSITION OF AN ECONOMIC ENTITY IN COMPETITION LAW

Abstract

This article examines the dominant position in the market of economic entities in competition law, as well as analyzes the types, signs of dominant position, conditions of dominant position, obligations of economic entities, rights (powers) of economic entities occupying dominant position. This time, during the period of globalization, this topic became relevant both legally and economically. Within the framework of the topic, statistical data on the dominant position and the procedure for its conduct, business entities occupying a dominant position in the country were considered, a review of their legal status was carried out.

The article discusses methods of comparative analysis, systemic approaches to identify and describe the features of various legal systems.

The study shows that the development of competition by maintaining a dominant position in the market, which is extremely important for maintaining the economic position of the state.

Key words: business entity, monopoly, dominant position, monopolistic activity, control.

Негізгі ережелер

Шаруашылық жүргізуші субъектілер – бұл тауарларды және көрсетілетін қызметтерді, тауарларды өндіру, өткізу, сатып алу жөніндегі қызметпен айналысатын барлық меншік нысанындағы заңды тұлғалар, сондай-ақ дербес кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар [1]. Шаруашылық жүргізу субъектілері деп танылғандарды жіктеу, олардың үстем

жағдайға ие бола отырып, қандай да бір құқықтар мен міндеттерге ие болу мүмкіндіктерін, тәртібін ажырату қажет болады.

Кәсіпкерлік кодексі: «тиісті тауар нарығындағы нарық субъектісінің немесе бірнеше нарық субъектілерінің нарық субъектісіне немесе бірнеше нарық субъектілеріне тиісті тауар нарығын бақылауға, оның ішінде тауар айналысының жалпы жағдайына елеулі ықпал етуге мүмкіндік беретін жағдайы үстем немесе монополиялық жағдай», - деп таныған [2]. Шаруашылық жүргізуші субъектілер үстем жағдайда тауар нарығын бақылауға алып, тауар айналымына ықпал ету жағдайына ие болатын болса, ие болу тәртібі мен шарттарын құқықтық тұрғыдан қамтамасыз етілуін талдауды қажеттігі туындайды.

Кіріспе

Дүние жүзіндегі мемлекеттердің басым көпшілігі нарықтық экономикаға бет бұрды, ал бәсекелестік, тауар нарығында үстем жағдайға ие болу олардың өмірінің, әсіресе кәсіпкерліктің негізгі өзегіне айналды.

Кейбір ғалымдар бәсекелестік құқықты өзінің жеке пәні, осы саланы реттейтін әдістері жоқтығын алға тарта отырып, кәсіпкерлік құқықтың бір бөлімі ретінде қарастырады (құқықтық институт ретінде ме, субинститут па, әлде кәсіпкерлік құқықтың бір саласы ма, оны анықтамайды). Олар тек қана «бәсекелестік кәсіпкерліктің бір элементі деп қана тұжырымдайды». Бәсекелестік құқығының өзегі болып табылатын монополияға қарсы заңнаманың мәні мен мазмұны бәсекелестікке қарсы іс-әрекеттердің алдын алу, анықтау және жолын кесу арқылы нарық субъектілерінің кәсіпкерлік қызмет еркіндігін шектейтін жария-құқықтық сипаттағы нормалар ғана екендігін толығымен ескермейді.

Тауар нарығындағы үстем жағдайға ие болудың рөлі қоғамдық өмірде де, ел экономикасында да күн сайын артып келе жатыр. Мемлекет басшысы да халыққа Жолдауында еліміздің экономикалық дамуының жаңа бағыты ретінде:

- жеке кәсіпкерлердің қызметін қолдау арқылы мемлекеттік капитализмнен және мемлекеттің экономикаға жосықсыз араласуын тоқтату;
- кәсіпкерлерге мүмкіндік бере отырып, бәсекелестікті дамыту;
- ұлттық табыстың қаржысын әділ бөлу мәселелерін көтерді [3].

Бұл зерттеудің мақсаты шаруашылық жүргізуші субъектілердің тауар нарығындағы үстем жағдайын қамтамасыз етудің құқықтық реттелуін, сондай-ақ үстем жағдайға ие болу мәселелерін талдау және бағалау болып табылады.

Материалдар мен әдістер

Мақаланы дайындауға әдіснамалық негіз болған жалпы ғылыми әдістер кешені: талдау, синтездеу, салыстыру әдістері.

Зерттеудің эмпирикалық негізі ретінде Қазақстан Республикасындағы бәсекелестік құқық саласындағы шаруашылық жүргізуші субъектілер, олардың нарықта үстем жағдайға ие болуы туралы деректер, үстем жағдайдың түрлері туралы мәліметтер, қолданыстағы нормалар мен ғалымдардың көзқарастары алынды.

Нәтижелер мен талқылаулар

Е.А. Алексеева бәсекелестікке қатысушы субъектілер деп бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті, жосықсыз бәсекелестіктің алдын алу, оны болдырмауға қатысы бар субъектілер деп қарастырады. Сондықтан монополияға қарсы шектеулер мен бақылаулар тек қана бәсекелестікке қатысушыларға қатысты ғана жүзеге асырылады. Егер оларды шаруашылық субъектісі ретінде мойындасак, онда олар үстем жағдайға ие болған кезде немесе үстем жағдайды асыра пайдаланса, онда құқықбұзушылық құрамының болуымен байланысты болады деген пікір білдіреді [4, 4 б.].

Ғылыми әдебиеттерде шаруашылық жүргізуші субъектілерді төрт бөліп қарастырады:

- коммерциялық ұйымдар;
- коммерциялық емес ұйымдар;
- жеке кәсіпкерлер;

- жеке кәсіпкер ретінде тіркелмесе де, кәсібінен кіріс алып отырған, болмаса белгілі ұйымдарға мүше болып тіркелген жеке тұлғалар деп қарастырады [5, 82 б.].

Қазіргі кезеңде шаруашылық жүргізуші субъектілер қатарына квазимемлекеттік сектор субъектілерін де қосатын болдық. В.С. Белых, С.И. Қимадиева аталғандардың барлығын квазимемлекеттік сектор субъектілері ретінде танығанымен, мемлекеттік кәсіпорынға қатысты көзқарасты толық қолдай қоймайды. Авторлардың пікір алатын болсақ, «мемлекеттік кәсіпорындар» және «квазимемлекеттік сектор субъектісі» терминдерінің мағыналық мәндері-нің анық қайшылығы байқалатындығын алға тартады, өйткені бастапқыда оларды меншік ны-саны бойынша мемлекеттік кәсіпорын бір мезгілде «мемлекеттік», екінші жағынан мемлекет-тік емес деп танылуы күмән туығызады. Олар бюджеттік қатынастардың қатысушылары ретінде барлық коммерциялық ұйымдарды, мысалы, «мемлекеттік кәсіпорындар мен квазимемлекеттік сектор субъектілері» деп атауға болады деп есептейді [6, 11-12 б.].

Үкіметтің қаулысына сай ірі квазимемлекеттік сектор субъектілері деп танылатындар: ұлттық компаниялар, холдингтер, ұлттық басқарушы холдингтер [7].

Ірі квазимемлекеттік сектор субъектілерінің ерекшелігі: олардың акцияларының бақылау пакеттері мемлекетке тиесілі, яғни құрылтайшысы мемлекет немесе жалғыз акционері немесе негізгі құрылтайшысы Үкімет болуы да мүмкін [6, 13 б.].

Жарғылық капиталына мемлекет қатысатын коммерциялық корпорациялардың түрлері мен олардың заңды дефинициялары «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңның 1 – бабында бекітілген [8].

Енді олар үстем жағдайға қалай ие болады деген сұрақ туындайды.

Үстем жағдай және оны нарықта ұстап тұру, үстем жағдайын теріс пайдалану бәсекелестік құқықтағы үлкен мәселеге айналды. Себебі нарықтағы бәсекелестік пен үстем жағдайды тең ұстап тұру тұтынушылардың жағдайына, нарықтың өсу деңгейі мен қарқына әсер етеді [9, 374 б.].

Тауар нарығындағы үстемдік жағдай деген нарықтағы үстемдік, басымдық, жоғары тұру дегенді білдіреді. Бұл шаруашылық жүргізуші субъектінің қызметіне монополияға қарсы бақылаудың қажетті шарты болып табылады, өйткені мұндай ереже оны басқа шаруашылық жүргізуші субъектілер мен тұтынушылардың заңды мүдделеріне емес, өз мүдделеріне пайдалануға мүмкіндік береді. Осыған байланысты әдебиеттерде «үстемдік жағдай» дегенді «монополиялық қызмет» деп ұғыммен қатар қолданылады.

Шаруашылық субъектісінің үстемдік жағдайы мемлекеттік саясаттың, оның ішінде сараланған салық жүйесін, субсидиялар беру және басқа да жеңілдіктер нәтижесінде туындауы мүмкін. Оның үстемдік жағдайы көрінеді:

- тауар нарығында шешуші ықпалының болуы;
- тауар нарығынан өзінікі сияқты тауар өнімдерінің ығыстыра алу қабілетінің болуы;
- басқа нарық субъектілерін тауар нарығына енуіне қиыншылықтар тудыра алуы мүмкін. Тауар нарығында өз үстемдігін алғандар монополистер деп аталады [10, 90 б.].

Алайда тауар нарығында үстем жағдайды ұстап тұру талаптарына сай келу кез келген компанияның үлесіне тие бермейді. Олардың үстемдік жағдайын орнатуы өздеріне берілген құқықтарына және қойылған міндеттерді орындауы мен сақтауына да байланысты [11, 222 б.].

М.А. Егорова үстем жағдайдың сапалық сипаттамасын бәсекелестікке ықпал ету мүмкіндігімен байланыстырады. Ал сандық жағынан алғанда, екі ірі экономикалық шаманың қатынасы: бірі нарық субъектісінің үлесі, екіншісі бекітілген заңға сәйкес тауар нарығында қаншалықты үстемдік ете алуы шамасына қарай айқындалады.

Тауар нарығындағы нарық субъектісінің үлесі мына формуламен айқындалады:

$$D_i = V_i : V_m$$

D_i – нарық субъектісінің үлесі;

V_i – осы субъектінің тауар нарығында өткізген өнім көлемі;

V_m – жалпы өткізілген тауар көлемі. Осы арқылы тауар нарығының өнімі мен географиялық шекаралары айқындалатындығын көрсетеді [12, 75 б.].

Е.С. Хохлов бұл пікірді толық қолдай қоймайды. Оның ойынша, үстем жағдайға ие болған субъектілердің мәртебесі ең бірінші кезекте оған жүктелген міндеттемелерді орындауымен (қандай да бір тыйымдарды сақтау) анықталады, яғни басты кезекте үстем жағдайға ие бола отырып, оны теріс пайдалануға жол бермеу міндеті.

Автор үстем жағдайға ие болған субъектінің конституциялық құқығы бұзылады деген пікірді қолдамайды, субъектінің бәсекеге құқығы, оның субъективті құқығы емес, конституциялық құқық қабілеттілігінің бір элементі ғана болып табылады. Себебі олардың субъективтік құқығын мемлекет, оның ішінде монополияға қарсы заңнама нормаларын қолданатын органдар мен соттар қамтамасыз етеді [13, 44 б.].

Ал Ғ.М. Қалмырза шаруашылық субъектілерінің нарықтан алатын үлесі өнімнің немесе қызметтің сапасына, құнына байланысты болып келетіндігін сипаттайды. Сондықтан нарық субъектілері өнімдеріне, қызметтеріне сұраныс көп болуы үшін жарнама жасау арқылы өздерінің нарықта бар екендігінен хабардар етеді. Өнімге, көрсетілетін қызметке сұраныс көп болған жағдайда нарық субъектілерінің нарықтан үлесі яғни, табатын пайдасы көп болады. Мұндай жағдайда бизнес субъектісінің нарықтағы жағдайы үстем болады. Автор бизнес субъектісінің үстем жағдайы тауар нарықтары бойынша қазақстандық және шетелдік монополияға қарсы заңнаманың негізгі категорияларының бірі ретінде таниды. Сонымен қатар, үстем жағдай шаруашылықты жүргізуші бір немесе бірнеше субъектінің орнын басатын тауары немесе бірін бірі алмастыратын тауарлары жоқ тауар нарығындағы айрықша жағдайы болса, бұндай жағдай оған тиісті тауар нарығында тауар айналысының жалпы жағдайына шешуші ықпал етуіне, не болмаса шаруашылық жүргізуші басқа субъектілердің нарыққа қол жеткізуін қиындатуына әкеледі деп көрсетеді [14, 15 б.].

Үстем жағдайға ие болуды шартын кестеден көре аламыз [15, 7-8 б.] (Кесте 1).

Кесте 1.

Шаруашылық жүргізуші субъектілердің үстем жағдайға ие болу шарты



Үстем жағдайға ие болу			
35 - 50 % дейін болса	50 % немесе одан жоғары	70 % болса	35 % -н төмен болса
Егер нарық субъектісінің тауар нарығындағы үлесі 35 - 50 % дейінгі мөлшерді құраса, бұндай жағдайда оның үстемдік жағдайын емлекеттегі монополияға қарсы орган айқындайды. Ондай жағдайда тауарды өткізу шарттарына ықпал ету мүмкіндіктері туындайды	Үштен астам субъектінің тауар нарығындағы белгілі бір тауар көлемі 50 % немесе одан жоғары болса, үстемдік жағдайы орын алады	Төрттен астам субъектінің үлесі 70 % болса, онда тауар нарығындағы тұтыну тауарларын басқа субъектілердің алмастыруына мүмкіндік берілмейді	Тауар нарығындағы үлесі 35% - дан кем болса да, нарықтағы бағаның өскеніне қарамастан, ол өндіретін, не сататын өнім жоқ немесе аз болса, мемлекеттің қолдауымен басымдыққа ие болуы да мүмкін

Олардың нарықтық шоғырлану коэффициенті дәрежесіне қарай үш топқа бөлінеді

Жоғары шоғырланғаны (монополияға жақын), нарықтағы үлесі 70 – 100%, орташа шоғырланғандардың үлесі 45% – 50%, төмен шоғырландардың үлесі 45%, не одан төмен болуы мүмкін [16, 14 б.].

Үстем жағдайға ие болу үлесіне қатысты көзқарастар әртүрлі. Мысалы, Балқан елдерінде үстем жағдайға ие болу үшін оның нарықтағы үлесі 40% кем болмауы тиіс, егер бәсекелестердің үлесі одан асып түсетін болса, бұл жағдайда өз үстемдігін ұстай алмауы мүмкін. Үстем жағдайға бір компания немес екі, одан да көп болып бірігіп, ұстауға да мүмкіндік беріледі [17, 498 б.].

Үстем жағдайға ие болған шаруашылық жүргізуші субъектілерді бірнеше топқа бөліп қарастырамыз.

Үстем жағдайдың (монополияның) дәстүрлі түрде 3 түрін:

1. Ашық монополия;
2. Жабық монополия;
3. Табиғи монополия деп бөлеміз.

Нарықтағы бәсекелестік қатынастарды дамыту және қорғау, тауар нарығындағы үстем жағдайды ұстап тұру әлемнің экономикалық дамыған елдерінің мемлекеттік саясатының басым міндеттерінің бірі болып табылады. Оны қолдау үшін әртүрлі құқықтық құралдар қолданылады: бағдарламалық шаралар, бәсекеге және монополистік қызметке тыйым салу. Бәсекелестікті реттеуде басты рөлді бәсекелік заңнама атқарады [18, 77 б.].

Сот органдарының актілері құқық көздері болып табылмаса да, олардың бәсекелестік құқық нормаларының мәнін анықтау үшін қажеттілігі бар. Жоғары соттың құқықтық ұстанымы төменгі сот инстанциялары мен билік органдары, шаруашылық жүргізуші субъектілерге нормалардың біркелкі қолданылуын қамтамасыз ету үшін маңызды. Сондықтан бәсекелестік құқықтың қайнар көздерін қарастыру барысында сот тәжірибесін,

оның ішінде Конституциялық Соттың жекелеген материалдарына назар аударуымыз қажет [19, 38 б.].

Сот тәжірибесін қалыптастыру ХХ ғасырдан бастап француз соттарының моделінен бастау алады десек те болады. Басқаның кәсібіне қол сұғуға және айыптау сипатындағы бәсекелестіктің жағымсыз тәсілдерін қолдануға жол бермеуді ескере отырып, жосықсыз бәсекелестікке қарсы күреске бағытталған ауқымды сот практикасын құрды. Алайда, бәсекелестіктің жосықсыз тәсілдері ұғымын айқындайтын жалпы критерийлерді француз юриспруденциясы толық айқындай алмады.

Германияның заңнамасы француздардың сот тәжірибесін басшылыққа ала отырып, 1909 жылы 7 маусымда «Жосықсыз бәсеке туралы» заң қабылдай отырып, жосықсыз деген жалпы ұғымды бекітті және адал бәсекелестік, саудада бәсекелестік мақсатында моральға қарсы әрекеттер жасауға жол бермеу бағытын ұстанды. Әрине, бұндай анықтаманы нақтылау сол кезең үшін маңызды қадам болды. Бірақ жосықсыз бәсекелестік үшін жауаптылықты белгілей алмады және «адами қасиеттер» деген ұғымға не кіретіндігін нақтылай алған жоқ.

Германдықтардың сот тәжірибесі бәсекелестікке қатысты дау туындаған жағдайда, мүдделер қақтығысын шешуде таза шаруашылық сипатта шешті. Соттар жосықсыз бәсекелестік салдарынан бір біріне қаншалықты зиян келтірді, соның ғана көлемін анықтап, өндіруге тырысты. Олар контрагенттің экономикалық жойылуына әкелетін немесе алынған оң экономикалық нәтижелерде жеткілікті негіздеме таппайтын экономикалық күрес әдістеріне тыйым салды [20, 54 б.].

Бір қызығы, Германияның соттары қоғамда белгілі бір топтардың мүддесіне нұқсан келтіретін жосықсыз әрекеттері үшін шешім шығарды. Бірақ қоғамда әртүрлі әлеуметтік топтар болғандықтан, сот кімнің мүддесін нақты қолдағаны белгісіз. Сондықтан сот Азаматтық кодексті басшылыққа ала отырып, «құқықты асыра пайдаланғаны», яғни басқаға зиян келтіруге тыйым салатын нормаларды қабылдады [21, 67 б.].

Қазіргі кезеңде, атап айтқанда, Қазақстан Республикасында қолайлы бәсекелестік еркіндігі институты әлі де қалыптасу және жетілдірілу сатысында. Сонымен, бәсекелестік институты республикада тұңғыш рет «Бәсекелестікті дамыту және монополиялық қызметті шектеу туралы» заң қабылданғаннан, яғни, 1991 жылдан бастау алады. Дәл сол кезеңде Қазақ КСР Президентінің 1991 жылғы 7 маусымдағы Жарлығына сәйкес монополияға қарсы бірінші Қазақстанның жоғары органы – Қазақ КСР-нің жаңадан құрылған экономикалық құрылымдарды қолдау және монополиялық белсенділікті шектеу жөніндегі мемлекеттік комитеті құрылды. Ары қарай 1998 жылы 9 маусымда «Жосықсыз бәсекелестік туралы» Заң қабылданып, 2008 жылы 25 желтоқсанда «Бәсекелестік туралы» заң қабылданғаннан кейін күшін жойды. Алайда, бұл заң толығымен бәсекелестік құқық қатынастарын реттеуге мүмкіндігі болмағандықтан, күші жойылып, 2015 жылы 29 қазанда Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі қабылданып, оның баптарында тауар нарығындағы үстем жағдай, үстем жағдайға ие болу тәртібі, бәсекелестік, жосықсыз бәсекелестік, қандай жағдайда жосықсыз бәсекелестік болып табылатындығы жайлы тізілімі бекітілді [19, 55 б.].

Қорытынды

Қорыта келгенде, біз қарастырып отырған шаруашылық жүргізуші субъектілер үстем жағдайға ие бола отырып, қай – қайсысы болса да мемлекеттің экономикалық дамуының негізі бола отырып, бәсекеге қатысушылар болып табылатын басым бөлігіне талдау жасадық. Олардың қызметінің бағыты нарықтағы үстем жағдайға ие болу мүмкіндігін тудыруға, бәсекелестікті қамтамасыз етуге бағытталады. Сонымен қатар, шаруашылық жүргізуші субъектілер тауарларды және көрсетілетін қызметтерді, тауарларды өндіру, өткізу, сатып алу жөніндегі қызметпен айналыса отырып, еліміздің экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз етуге үлес қосады.

Нарық субъектісінің нарықта үстем немесе монополиялық жағдайға ие болуына тыйым салынбайды және ол заң бұзушылық болып табылмайды. Бірақ мұндай құқықтық қатынастар

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 8 - бабына сәйкес, азаматтар мен заңды тұлғалардың басқа адамға зиян келтіруге, құқықты өзге де нысандарда теріс пайдалануға бағытталған әрекеттердің жүзеге асыруына жол берілмейді.

Әлемдік бәсекелестік құқықта сот тәжірибесінің де маңызы зор. Еуропада бастау алған сот тәжірибесі өзгенің кәсібіне жосықсыз қол сұқпау, бәсекелестікті шектеуге жол бермеуді, тауар нарығына қатысушы субъектілердің құқығын қорғауға бағытталды.

Бұл зерттеулер бәсекелестік құқықтағы шаруашылық жүргізуші субъектілердің үстем жағдайға ие болуынан туындайтын мәселелердің өзектілігіне негізделген. Сондықтан олардың қызметінің құқықтық реттелуі мен бәсекелестікті дамытуға үлес қосуы, жосықсыз бәсекелестіктен қорғалуы мемлекет үшін де маңызды болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 «Монополияға қарсы келісілген саясат жүргізу туралы» 2000 жылғы 28 желтоқсан N 1922 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. [Электрон. ресурс]. – 2025. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P000001922>

2 Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы Кәсіпкерлік Кодексі №375-V ҚРЗ. [Электрон. ресурс]. – 2025. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000375#z162>

3 Тоқаев Қ.К. «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауы [Электрон. ресурс]. – 2025. – URL: <https://www.akorda.kz/kz/>

4 Алексеева Е.А. *Хозяйствующий субъект в конкурентном праве // Проблемы науки, 2020. - №1(49). – С. 3 – 8.*

5 Аиша Д.А., Белицкая А.В., Городов О. *Современные проблемы развития российского и зарубежного конкурентного права. - Издательство «Юстицинформ», 2022. - 196 с.*

6 Белых В.С., Кимадиева С.И. *Юридические лица с участием государства и их объединения в современном гражданском праве Республики Казахстан и Российской Федерации (историко-правовой обзор) // Журнал предпринимательского и корпоративного права, 2021. - №2.- С. 11 – 17.*

7 «Ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 6 сәуірдегі №376 Қаулысы [Электрон. ресурс]. – 2025. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1100000376/links>

8 «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы N 413-IV Заңы [Электрон. ресурс]. – 2025. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000413>

9 Pandey A.R., Patel H.R., Sapre A.A., Singh S. *Scrutinizing the notion of abuse of dominant position in India and the European Union. Ethical Quandaries in Business Practices: Exploring Morality and Social Responsibility, 2024. P. 371–392.*

10 Котова Е. Е. *Правовое регулирование противодействия картельным соглашениям. – М., 2023.- 128 с.*

11 Osmanaj E., Zejnullahu N. *Prohibition of Abuse of Enterprises With a Dominant Position in the Market According to the Competition Law in Albania and Kosovo // European Competition and Regulatory Law Review, 2023. - №7(4). - P. 216–226.*

12 Егорова М.А. *Злоупотребление доминирующим положением как частный случай злоупотребления правом. Lex russica. 2018;(4):70-80. <https://doi.org/10.17803/1729-5920.2018.137.4.070-080>*

13 Хохлов Е. С. *Соотношение понятий «злоупотребление доминирующим положением» и «злоупотребление правом». – Вестник университета имени Е.О. Кутафина, 2017. - №9. – С. 42 – 47.*

14 Қалмырза F.M. *Нарықтағы бизнес субъектісінің үстем жағдайын құқықтық реттеу // Scientific and practical journal ESJL, 2023. - №2(3). – 13 - 16 бб.*

15 Антимонопольное регулирование в РК. – Алматы: AEQUITAS Review, 2022. – 24 с.

16 Бәсекелестіктің жсай – күйінің талдамалық картасы. – Астана, 2024. – 20 б.

17 Asllani G., Bahtiri B., Grima S. Regulation on Abuse of the Dominant Position of the Western Balkan Countries with EU Practices. *Juridical Tribune - Review of Comparative and International Law*, 2024. - №14(3). - P. 494–507.

18 Меурбекова Г.Б., Тусубекова А.К. Монополияға қарсы және бәсекелестікті реттеуге арналған заңнаманы дамыту негіздері // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің ХАБАРШЫСЫ, 2022. - №1(67). – 75 – 83 бб.

19 Бикебаев А.Ж. Конкурентное право (антимонопольное) право и политика Республики Казахстан. – Алматы: «Саят Жолшы и партнеры», 2010. – 496 с.

20 Татарина Л.Ф. Проблемы определения пределов допустимой свободы конкуренции в законодательстве Республики Казахстан и зарубежных государств // *Scientific and practical journal ESJL*, 2023. - 1(2). – С. 53 – 60.

21 Коммонс Дж.Р. Правовые основания капитализма: монография. – М.: ИД ВШЭ, 2011. – 414 с.

References:

1 «Монополияға қарсы келісілген саясат жүргізу туралы» 2000 жылғы 28 желтоқсан N 1922 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. [Электрон. ресурс]. – 2025. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P000001922>

2 Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы Кәсіпкерлік Кодексі №375-V ҚРЗ. [Электрон. ресурс]. – 2025. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000375#z162>

3 Тоқаев Қ.К. «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауы [Электрон. ресурс]. – 2025. – URL: <https://www.akorda.kz/kz/>

4 Алексеева Е.А. Хозяйствующий субъект в конкурентном праве // *Проблемы науки*, 2020. - №1(49). – С. 3 – 8.

5 Аишфа Д.А., Белицкая А.В., Городов О. Современные проблемы развития российского и зарубежного конкурентного права. - Издательство «Юстицинформ», 2022. - 196 с.

6 Белых В.С., Кимадиева С.И. Юридические лица с участием государства и их объединения в современном гражданском праве Республики Казахстан и Российской Федерации (историко-правовой обзор) // *Журнал предпринимательского и корпоративного права*, 2021. - №2.- С. 11 – 17.

7 «Ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 6 сәуірдегі №376 Қаулысы [Электрон. ресурс]. – 2025. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1100000376/links>

8 «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы N 413-IV Заңы [Электрон. ресурс]. – 2025. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000413>

9 Pandey A.R., Patel H.R., Sapre A.A., Singh S. Scrutinizing the notion of abuse of dominant position in India and the European Union. *Ethical Quandaries in Business Practices: Exploring Morality and Social Responsibility*, 2024. P. 371–392.

10 Котова Е. Е. Правовое регулирование противодействия картельным соглашениям. – М., 2023.- 128 с.

11 Osmanaj E., Zejnullahu N. Prohibition of Abuse of Enterprises With a Dominant Position in the Market According to the Competition Law in Albania and Kosovo // *European Competition and Regulatory Law Review*, 2023. - №7(4). - P. 216–226.

12 Егорова М.А. Злоупотребление доминирующим положением как частный случай злоупотребления правом. *Lex russica*. 2018;(4):70-80. <https://doi.org/10.17803/1729-5920.2018.137.4.070-080>

13 Хохлов Е. С. Соотношение понятий «злоупотребление доминирующим положением» и «злоупотребление правом». – *Вестник университета имени Е.О. Кутафина*, 2017. - №9. – С. 42 – 47.

14 Қалмырза Ф.М. Нарықтағы бизнес субъектісінің үстем жағдайын құқықтық реттеу // *Scientific and practical journal ESJL*, 2023. - №2(3). – 13 - 16 бб.

15 Антимонопольное регулирование в РК. – Алматы: *AEQUITAS Review*, 2022. – 24 с.

16 Бәсекелестіктің жай – күйінің талдамалық картасы. – Астана, 2024. – 20 б.

17 Asllani G., Bahtiri B., Grima S. Regulation on Abuse of the Dominant Position of the Western Balkan Countries with EU Practices. *Juridical Tribune - Review of Comparative and International Law*, 2024. - №14(3). - P. 494–507.

18 Меирбекова Г.Б., Тусубекова А.К. Монополияға қарсы және бәсекелестікті реттеуге арналған заңнаманы дамыту негіздері // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің ХАБАРШЫСЫ, 2022. - №1(67). – 75 – 83 бб.

19 Бикебаев А.Ж. Конкурентное право (антимонопольное) право и политика Республики Казахстан. – Алматы: «Саят Жолшы и партнеры», 2010. – 496 с.

20 Татарина Л. Ф. Проблемы определения пределов допустимой свободы конкуренции в законодательстве Республики Казахстан и зарубежных государств // *Scientific and practical journal ESJL*, 2023. - 1(2). – С. 53 – 60.

21 Коммонс Дж. Р. Правовые основания капитализма: монография. – М.: ИД ВШЭ, 2011. – 414 с.

ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ПРОЦЕСС. КРИМИНОЛОГИЯ. КРИМИНАЛИСТИКА

УГОЛОВНОЕ ПРАВО И ПРОЦЕСС. КРИМИНОЛОГИЯ. КРИМИНАЛИСТИКА

CRIMINAL LAW AND PROCESS. CRIMINOLOGY. FORENSICS

ҒТАХР 10.71.61
ӘОЖ 347.965.43.45

10.51889/2959-6181.2025.79.1.010

А.А.Альшуразова¹ , Д.К.Рустембекова^{2*} , А.Б.Жуниспаева³ 

¹Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университеті

²Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

³І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті

(e-mail: alshurazova-0807@mail.ru, *dinara_226@mail.ru, ainur_zhunispaeva@mail.ru)

**ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҚ СОТ ӨНДІРІСІНДЕГІ
АДВОКАТТЫҢ ІС ЖҮРГІЗУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**